

Солтүстік Қазақстан филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Солтүстік Қазақстан филиалы мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысуға арналған құжаттар 2022 жылғы 21 желтоқсанныан бастап 30 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін мына мекенжай бойынша: Т01Н0D6, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к., 6, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Солтүстік Қазақстан филиалы, 4-қабат, 401-кабинет, конкурсқа қатысушының мекенжайы көрсетілген мөрленген конвертте (қолма-қол немесе пошта арқылы жіберу) немесе электронды түрде Zhaina.Bakhitzhanova@nationalbank.kz электрондық пошта арқылы қабылданады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» не көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;
- мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;
- ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (құптарлық).

Конкурсқа қатысу үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Солтүстік Қазақстан филиалы мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясына келесі **құжаттарды** ұсыну қажет:

- конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;
- жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін);
- қазақ тілін оқыту тәжірибесінің кемінде 5 (бес) жыл болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдарының көшірмелері;
- кәсіби деңгейін растайтын өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдардың болуы туралы құжаттар) (бар болса).

Құжаттардың толық топтамасын ұсынбау конкурстық комиссияның конкурстық іріктеуге қатысушының кандидатурасын қараудан бас тартуына негіз болып табылады.

Ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық іріктеуге қатысушылардың құжаттарының белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы және конкурстық іріктеуге қатысушыларды әңгімелесуге қатысуға рұқсат беру не рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- кандидаттарды әңгімелесу өткізу күні және орны туралы;
- әңгімелесуге жіберуден бас тартқан конкурстық іріктеуге қатысушылардың конкурстық комиссияның шешімі туралы *хабардар етеді*.

Конкурс жеңімпазы конкурстық іріктеудің қорытындысы туралы конкурстық комиссиясының шешімі жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауапты тұлғаға мыналарды:

- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесін;
- еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған көшірмесін ұсынады.

Курс оқытушысымен мемлекеттік тілді оқыту курсы өткізу бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасалады.

- бір академиялық сағаттың құны - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын ұстау арқылы – 4 149 (төрт мың бір жүз қырық тоғыз) теңге.

Байланыс деректері: Т01Н0D6, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к., 6, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Солтүстік Қазақстан филиалы, 4-қабат,

401 кабинет, тел. 8(7152) 55-15-27, 8-702-887-39-43, факс 8(7152) 46-09-83, Жайна Шегебаевна Бахитжанова, Zhaina.Bakhitzhanova@nationalbank.kz.